



Автор: Жумагалиева Айман Исақызы

Пән: Музыка

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Өнер

Тақырып: Музыка және поэзия

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.1.1- әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтау және салыстыру 3.2.1.2 - қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар: - поэзия мен музыканың байланысын зерттейді; - поэзиялық шығармаларды музыкалық сүйемелдеу арқылы орындайды; - өз шығармашылық жұмыстарын бағалайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: • тиісті терминологияны қолдана отырып, музыканы талқылай және талдай алады; Пәндік лексика мен терминология: • музыка; • поэзия; • композитор; • ақын • орындаушы Талқылауға арналған сұрақтар: - музыка мен поэзияның байланыстыратын әндер мен шығармалар жайында не білесіз? - тыңдалған музыкалық шығармалардың қандай айырмашылықтары бар?
Күтілетін нәтиже:	4 бөлімде оқушылар әннің формасымен таныс болды (шумақтық, шумақты-қайырмасы бар формалар). Музыканы әр-түрлі екіпінде, регистрде және динамикада орындай алады. Staccato, Legato музыкалық ұғымымен танысып, практикалық жұмыста қолданды.
Бағалау критерийлері:	Өзін-өзі бағалау Қалыптастырушы бағалау әр топ шығармашылық жұмысын таныстырып болған соң мұғалімнің қойған сұрақтарына ауызша жауап беру түрінде өткізіледі. - Шығармашылық жұмыс көңілдеріңнен шықты ма? - Дайындық кезінде қандай қиындықтар туды? - Егер қосымша уақыт болса бұл жұмысты қалай өзгертер едіңіздер?
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларға шығармашылық тапсырма кезінде балалардың шығарған өлеңдері ұсынылады. Өзге балалардың поэзияға деген қызығушылығы оқушылардың құрмет және еңбек құндылықтарын дарытуына септігін тигізеді. Топтық жұмыс барысында еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық құндылықтары дамиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ дағдылары сабақта ресурстарды көрсету мақсатында қолданылады.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі пәнімен байланыс - сабақтың юасына оқушыларға Абайдың өлеңі оқытылады.
Бастапқы білім:	4 бөлімде оқушылар әннің формасымен таныс болды (шумақтық, шумақты-қайырмасы бар формалар). Музыканы әр-түрлі екіпінде, регистрде және динамикада орындай алады. Staccato, Legato музыкалық ұғымымен танысып, практикалық жұмыста қолданды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Музыкалық сәлемдесу - Ба-ла-лар, сә-ле-мет-сің-дер! (соль, соль, ми, соль, соль, ми, ми, соль) - Мұғалім, сәлеметсіз бе! (соль, соль, ми, соль, соль, ми, ми, соль) - Здравствуйте, дети! (соль, соль, соль, до, до) - Здравствуйте, дети! (соль, соль, соль, соль, до, до) - Hello, children! (ми, соль, ми, до) - Hello, teacher! (ми, соль, ми, до) Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Өзін-өзі реттеуі және жинақталуы үшін білімді кинесиология жаттығуын орындау. «Ырғақты гимнастика» («Ритмирование») жаттығуы. Бұл жаттығуды орындау үшін мұғалім нұсқау айтумен қатар жасалатын қимылдарды оқушыларға өзі көрсетіп тұруы қажет. - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрайық; - Аяғымызды иық колемінде қояйық; - Ал енді сол қолымызды ішімізге қояйық; - Сол қолымызды мойынның астындағы бұғана сүйегінің астынан ұстап бір бағытта массаж жасамыз - Балалар, терең дем алып тұруды ұмытпаймыз.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>1 тапсырма. Музыка тыңдау және талдау - Балалар, қазір біз сіздермен екі түрлі музыка тыңдаймыз. Сіздерге тыңдау барысында бұл музыка поэзия оқыған кезде қосуға келе ме, әлде жоқ па, сол туралы ойлану қажет. Және ойналған музыка қай жанрға жататынына назар аударыңыздар. 1. «Көңіл толқыны» Секен Тұрысбеков 2. «Мелодия Рая» Фридерик Шопен</p> <p>Музыканы талдауға арналған сұрақтар: - Бұл екі музыкалық шығарма қандай көркем образды жеткізеді? - Екііні мен динамикасы қандай? - Бірінші тыңдалған музыка қандай жанрда орындалды неліктен? - Ал екінші музыкалық шығарма? Қайндай музыкалық аспапты естідіңіздер. - Осындай баяу әдемі әуендерді өлең оқыған кезде сүйемелдеу үшін қолдануға бола ма? Қазір сіздер оны өздеріңіз топта зерттеп көресіздер. Біз түстер бойынша 3 топқа бірігуіміз қажет. 1 топ-қызыл 2 топ-жасыл 3 топ-көк</p> <p>Дифференциациятапсырма түрі бойынша жүргізіледі. Түстікарточкалардың артқы жағында сандар жазылған. Оқушылар топқа бірігу үшін сандарға емес түстерге негізделеді. Сандар оқушыларға топта нақтықандай тапсырманы орындау керектігін білдіреді. 1 топ - «Табиғатпенсырласу» өлеңі Қарсыбай Рамазан Жазық дала, таулы өлке, жасыл орман -айналым, Сұлулығын кең өлкемнің - көзбен қарап тоймағам. Қандай ғажаптуған жерім, қандай ғажап, мән берсең Сұлулығын табиғаттың - жүрекқалап тоймаған. Сылдырлаған өзенім мен шайдай ашық көк аспан, Таудыңбиік шынарлары аспанменен таласқан. Жан - жануар мекені менөсімдіктер әлемі Екі аққу көл бетінде бір-біріне жарасқан. 2 топ «ДанаАбай атам»өлеңі Кемел Ділназ Шыңғыстау мекенінде, Абай атам туыпты.Тіл шешендік өлеңдерін, Халқымыз тұңғыш көріпті. Құнанбайдан тараған,Абай атам ақылшы. Шыңғыстаудың мекенінде, Толған ақын жырлары.Даңқы биік, асыл мұра, Кезберген жүрек Абайдың. Сұлу, ақынжанары, ДанаАбайдыңжырлары. Жырладыақынхалықжайын, Қиналды жүрек, мұнайды. Халықжайынойлаумен, Абай атамтолғанды. 3 топ - «Менелімді сүйемін» өлеңі Серікжан Тілек Еңселі елім, көркейе бер ұлы елім, Сен деп соғар әрқашанда жүрегім. О, туған ел оттай ыстық сезіммен, Әлпештеген мені анамдай сүйемін. 2 тапсырма. Музыкалық импровизация</p> <p>Топтарыңызда өзара рөлдерді бөлісіңіздер. Кімнің карточкасын 1 саны бар ол оқушылар өлең оқиды; 2 саны көрсетілген оқушылар металлофон аспабында ойнайды; 3 саны көрсетілген оқушылар ұрмалы аспаптарда ойнайды; 4 саны көрсетілген оқушылар шулы аспаптарда ойнайды.</p> <p>Тапсырма □ Поэзияны оқуға келетін музыканы аспаптармен импровизация жасау арқылы шығарыңыз. □ Аспапшы рөліндегі оқушылар өз дыбыстарыңызды бірнеше рет орындап дайындалыңыздар. Қандай динамиканың сәйкес келетіні жөнінде ойланыңыздар. Дайындыққа 6 минут уақыт беріледі</p>	
Сабақтың соңы	<p>Өзін-өзі бағалау Қалыптастырушы бағалау әр топ шығармашылық жұмысын таныстырып болған соң мұғалімнің қойған сұрақтарына ауызша жауап беру түрінде өткізіледі. - Шығармашылық жұмыс көңілдеріңнен шықты ма? - Дайындық кезінде қандай қиындықтар туды? - Егер қосымша уақыт болса бұл жұмысты қалай өзгертер едіңіздер? Сабақты қорытындылау Музыка мен поэзияны қалай байланыстыруға болады? Бүгінгі сабақтың мақсаттарына оралайықшы. Оқушылар «Иә, жоқ» әдісі арқылы сабақты бекітеді. Мұғалім оқушыларға поэзия мен музыкаға, сабақта болған әрекетке байланысты сөйлемдер оқиды. Оқушылар сөйлем дұрыс па, әлде қате ма екенін анықтап қабырғада ілініп тұрған «иә» және «жоқ» сөздерінің қасына барып тұра қалуы керек. Поэзия мен музыканы байланыстыруға болады. (Иә) «Көңіл Толқыны» Ф. Шопеннің музыкасы. (Жоқ) Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңі бар. (Иә) Бүгінгі сабақта біз өлең оқыдық және тыңдадық. (Иә) Бүгінгі оқыған өлеңдер таным ақындардың өлеңдері болып табылады. (Жоқ)</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия: 1. бүгінгі сабақ мен үшін 2. жағымды болды; 3. қиын болды; 4. жаңалықтарға толы болды; Оқушылар жоғарыдағы сөз тіркестерінің қайсысымен келіссе, сол санды саусақтарымен көрсетеді.</p>	